

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**



Якуб ӨМЕРОВҒЫ,

*Еуразия жазушылар бірлестігінің басшысы*

## ОТАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАСЫ – ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШ

Халық арасында бір адамды жақсы танығың келсе, ол адаммен жолға шық деген сөз бар. Сол секілді Рахымжан Отарбаевпен біздің таныстығымыз да бір сапарда басталған... Астанадан Зайсанға бірге барған болатынбыз. Одан соң Татарстанның астанасы Қазанға, Түркияға және Қазақстанға бірге сапар шектік. Бір-бірімізді жақын таныған сайын достығымыз арта түсті. Оны танып, дос болғандағы сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Оның ізгі ұстанымы мен адамға деген көзқарасы, кішіпейілділігі бір төбе. Мәдениеті де жаңадан танысып жатқан адамды да өзіне тартып тұратын еді.

Рахымжан Отарбаевтың еңбектерін Түркияда да газет басылымдарына жарияладық. Қазақстанның Анкара Үлкен елшілігінде кітаптарын таныстыру мақсатында жиналыс өткіздік. Жиналыста мен кітаптарды таныстырушы ретінде сөз сөйледім. Сол күні оны танитындар жиналыста көптеген сұрақ қойды. Жиналыстағы адамдар бірнеше сағат ішінде оның көзқарасына және мінез-құлқына деген танданыстарын жасыра алмады.

Ол тек менің ғана емес сонымен қатар отбасымдағылардың да досы еді. Анкараға келген кезінде балаларыммен таныстырған едім. Еуразия Жазушылар бірлестігінің бақшасында кешкісін бәріміз бірге отырып шай ішкен болатынбыз. Сол бірге өткізген қысқа ғана уақыт ішінде қызым мен ұлым Рахымжан ағасына тез бауыр басып кетті.

Рахымжан Отарбаев қиын кезеңде жазушы болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы жылдар әдебиетшілер үшін оңай кезең болмады. Көптеген ақын-жазушылар ол кезеңдерде отбасын асырау үшін қаламын тастауға мәжбүр болды. Рахымжан Отарбаев болса сол қиын кезеңде де қаламын қолынан тастамады, жазуын жалғастырумен болды. Өтпелі кезеңдерде қаламын қолына алған жазушылар аз болғанындай, сол кезеңде де қазақ қоғамының өмір сүргені туралы жаза алатын авторлардың саны аз болды.

Ірі әлеуметтік оқиғаларды жаза білу үшін кетіп қалу керек болды. Сондықтан, көптеген жазушылар сол кезеңдегі әлеуметтік оқиғаларды жаза алмады, Рахымжан оны жазғандардың қатарында болды. Оның шығармаларын оқыған сәтте қиын жағдайға тап болған жастардың жағдайын түсіне аласың. Негізі сол кезеңде қолындағы қаламын тастамауға ұлы жазушылар ғана қол жеткізе алады. Біз білмейтін, танымайтын адамдардың өмірі туралы оқығанда, қылмыс болып саналса да қаламын тастамаған жазушының жағдайын түсіндік. Біз авторлардың қоғамдағы толеранттылықты дамытуға және адамзаттың өркендеуіне қосқан үлесіне назар аударуымыз керек.

Ол оқырманға Махамбет туралы айтып берді, бірақ, оның пьессасын көргеннен кейін ол Жәңгір Хан жағдайын еске түсіре білді. Оның шығармаларын оқығаннан кейін Жәңгірге ашулы болса да, оқырман басқаша көзқараспен яғни, түсіністікпен қарай бастады. Бір-бірімен соғысқан екі жақтың психологиясын оқырманға түсіндіре білген жазушының бірі Рахымжан Отарбаев еді.

Оның дүние салуы Қазақ халқы және болашақ әдебиет үшін үлкен жоғалту болды. Жаны жәннатта болғай!

